

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

**Әділханова Жанна Сайынқызы**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

*ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА АРНАЛҒАН  
ОҢТАЙЛАНҒАН ГРАММАТИКА*

**( оқу-әдістемелік құрал )**

**Алматы-2013**

## Алғы сөз

Елімізде жастарға білім беруді жаңарту жағдайында үлкен жобалар мен ауқымды бағдарламалар қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр. Олар ғылыми-техникалық, экономикалық, ресурстық және рухани дамудың жаңа деңгейіне бағытталуда. Білім беру қызметінің сапасын жоғарлату, Батыс елдерінің тәжірибесін меңгеру мен білім берудің жетік, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы ғана жоғары дәрежедегі бәсекелестікке қол жеткізуге болады. Осыған байланысты оқу үдерісін жоспарлаудың, білімді игерту жолындағы ізденістердің, әдістемелік құралдардың түрлері көбейіп, сапасы да арта түсуде. Жаңа технологиялық ізденістердің күн санап артып келе жатқаны талғамның жоғарлауына, сапалы дүниелерді таңдауға мүмкіндіктер туғызады. «Технология» терминінің түсіндірмесі В.И. Шепельдің айтуы бойынша, шеберлік, біліктілік, жағдайды зерттеуге бағытталған іс-әрекеттердің жиынтығы дейді. Осы бағытта Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатқан шетелдік азаматтар үшін тіл меңгерту бағытында ширек ғасырдан астам ізденіс жасап, шетелдік азаматтарға мемлекеттік тілді меңгертудің түрлі әдіс-тәсілдерін жинақтап, тиімді бағдарламалар құрастырып, оқулықтар жазып жүрген ғалымдар мен оқытушылар еңбегі ерекше. Шетел азаматтарына дәріс беріп келе жатқан оқытушылары көп жылдар бойы оқу құралдарын жазып, тілдік минимумдардың алғашқы баспалдақтарын меңгерту жолында ауқымды еңбектерді жарыққа шығарды. Олар өз нәтижелерін беруде. Осы уақыт аралығында бірнеше жүзден аса шетелдік азаматтар қазақ тілінде тіл сындырып, өз қажеттіліктеріне айналдырып отыр. Бүгінгі ұсынылып отырған оқулық қазақ тілін тереңірек білгісі келген, ары қарай өз бетінше оқуға ниеттенген шетелдік азаматтарға арналған қазақ тілінің оңтайланған грамматикалық материалдарын қамтиды.

Қазақ тілі – бай, мазмұны терең тіл. Оның қыр-сырын түсіну оңай емес. Елімізге сырттан келген азаматтар ауыз екі сөйлеу үлгілерін үйреніп, әлеуметтік ортада қажетті сөздермен шектеліп қана қоймай, халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуда, қазақ тілінде ойларын еркін жеткізіп, конференцияларда, түрлі жиындарда өз пікірлерін білдіру үшін тілді тереңірек үйрену керек. Қазіргі күні шетелмен тығыз байланыс жасап, саяси, экономикалық және рухани қарым-қатынастар орнатуды жолға қойып жатқан қоғам. Университетте білім алған жастар ары қарай кәсіби ізденістер жасап, қоғамымызға белсене араласып кетіп жатыр. Осы кезеңде тіл қатынасының қажеттілігі арта түсері рас. Қазақ тілін меңгерудің тиімді тәсілдерінің бірі – тілдік грамматикаларды дұрыс меңгеріп, осы үлгіде білетін сөздерді өмірде пайдалана білу. Бір ғана қарапайым көптік жалғауының өзінің бірнеше нұсқалары бар: -лар, лер, дар, дер, тар, тер. Егер тіл үйренуші дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың өзара үйлесіміне сай дауысты және жуан сөзден соң /-лар/

қосымшасының ал, жіңішке сөзден кейін /-лер/ қосымшасының жалғанатынын біле алмаса, ол «Қазақлер» деп сөйлеу дұрыс деп түсініп, кез келген сөзге өзі білетін қосымшаны тіркеп сөйлей беруі мүмкін. Ал, көптік жалғауының /-тар/ қосымшасы тек қатаң дыбысқа біткен сөзге ғана жалғанатынын түсіндіріп, оны есте ұстауды міндеттесек, кез келген тіл үйренуші осы заңға сай сөйлеуге тырысады да, мемлекеттік тілімізді бұзып сөйлеу, аяқ асты ету сияқты мәселелер жолға қойылады. Сондықтан тілді үйренуде ең алдымен тілдік грамматиканың қарапайым элементтерін ескеріп, оны жүйелі әрі оңтайлы ұсына отырып, меңгерту – аса маңызды мәселе. Грамматиканы білу, тест тапсыру үшін ғана қажет деген жаңсақ пікірден қашуымыз керек. Тілді сауатты сөйлеу, ойды дұрыс жеткізу, құжаттарды сауатты толтыру мәселелерінің бәрі – осы тілдік грамматикаларды дұрыс меңгеруімен тығыз байланыста болады. Сондықтан, ұсынылып отырған шетел азаматтарына арналған грамматикалық қазақ тілі осы мақсатта құрастырылып, жазылған оқулық. Бұл оқулықты дұрыс түсіну үшін үш тілді түсініктемесімен ұсынылып отыр. Қазақша, парсыша және ағылшынша. Мұндағы себеп - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен соңғы үш жылда Ауған Ислам мемлекетінен жастар оқуға шақырылып, олар біздің университеттен дайындық курсынан өткеннен кейін кәсіби білім алу үшін еліміздегі түрлі ЖОО түсіп, білім алуда. Оларға қазақ тілінде сауатты сөйлеу үшін бір жылда тіл сындырып қана қою аздық етеді, тілдік грамматикаларды дұрыс түсініп, кәсіби мамандықты игеру үшін оны ары қарай жалғастыру қажет. Өйткені, сөзіміздің басында айтып кеткеніміздей, қазақ тілі мазмұны терең, жан-жақты әр түрлі мәнде қолданылатын сөздері көп, күрделі тіл. Ал белгілі ережеге сүйеніп, нақты формаға ұсынылған оқу құралдарынан адам өзі керегінше меңгеруге болады. Мәселен: Зат есім мен етістіктің тіркесі арқылы ( *З.Е. + с. ж. --- Ет.: Кіманхана+ға барамын* ) өзі білетін сөздерді үлгіге қойып, ойды тиянақтауға болады. Осындай үлгіде басқа да сан есім, сын есім, үстеу сияқты сөздерді де ережеге сай қолданысқа түсіре білетін болады. Бұл әдістемелікте сол сияқты сөз таптарымен бірге сөздіктер қоса ұсынылып отыр. Біздің мақсатымыз – шетелдік азамат болсын, тұрғылықты өзге ұлт өкілі болсын, қайткенде де туған ана тілімізді дұрыс сөйлеп, сауатты жазу. Мемлекеттік тілді өз деңгейінде меңгерту.

Автор

# **Қазақ тілі – қазақ халқының мемлекеттік тілі**



**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев**

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең.

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының негізі — шаңырақ. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты түлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты түлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.

# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Сөзін жазған:

Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!

## I. ФОНЕТИКА


Фонетика— тіл біліміндегі дыбыстарға қатысты барлық заңдылықтарды қарастырады

### ӘЛІПБИ


А а	Ә ә	Б б	(Вв)	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	(Ёё)	Ж ж	З з
а	ә	бе	ве	ге	ға	де	йе	йо	же	зе
a	ä	b	v	g	ġ	d	e	ë	ž	z
[a]	[æ]	[b]	[v]	[ɢ]	[g]	[d]	[jə]	[jo]	[ʒ]	[z]
И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п
ый/ий	қысқа и	ка	қа	эл	эм	эн	эң	о	ө	пе
i	j	k	q/kh	l	m	n	ŋ	o	ö	p
[ej/əj]	[j]	[k]	[q]	[l]	[m]	[n]	[ŋ~N]	[ɔ]	[yɔ]	[p]
Р р	С с	Т т	У у	Ү ү	Ү ү	Ф ф	Х х	Һ һ	(Цц)	
эр	эс	те	ұу/уу	ү	ү	эф	ха	һа	це	
r	s	t	u	ü	ü	f	x	h	c	
[r]	[s]	[t]	[w/ɔw/ɒw/ əw/əw]	[ɯ]	[ɯ]	[f]	[x;q]	[h]	[ts]	
(Чч)	Ш ш	(Щщ)	(Ъъ)	Ы ы	І і	(Ьь)	(Ээ)	Ю ю	Я я	
че	ша	ща	Ъ айыру	ы	і	Ь жіңішкелік	э	йу	йа	
č	š	šč	белгі	y	i	белгі	è	ju	ja	
[tʃ]	[ʃ]	[ʃ]	"	[ə]	[ə]	'	[e]	[ju/jy]	[ja]	

# 1-сабақ: Дыбыстар (Sounds)

## 1. Дауысты дыбыстар (Vowel)




## 2. Дауыссыз дыбыстар (Consonant)





**1. Дұрыс оқыңыздар:**



**2. Кісі есімдерін әліпби ретімен орналастырыңыз:**

Марат, Болат, Жомарт, Ербол, Қанат, Әли, Гүлжан, Ғалия, Шолпан, Расул, Уәлихан, Цилкон, Ибрагим, Ыдырыс, Іңкәр, Омар, Сабыр, Зәуре, Хадиша, Ясир, Арман, Володия, Четин, Тайыр, Өмір, Үміт, Кәрім, Ұлықпан, Юрий, Дастан, Элмира.

**3. Өзіңіз білетін қалалардың атын жазыңыз, олардың жуан дыбыстыларын бір бағанға, жіңішке дыбыстыларын екінші бағанға орналастырыңыз.**

Алматы	Бейжің

4. Төмендегі кестеге дыбысқа сәйкес дәрісханадағы заттардың атын жазыңыздар:

I(жуан)	II (жіңішке)	III(үнді)	IV(үян)	V(қатан)

5. Адаққан әріптерді табыңыз:

Катіп, амад, детпәр,тезере,ордынық, қарданыш, декүн, ұзтас,стедунт.

*Есте ұстаңыз!*

Фонетикалық талдау үлгісі:

Мысалы (Example): 1. Арнұр: 5○ -- 2△ I - (А, ұ)  
3□-III- (р, н, р)

○- дыбыс

△- дауысты дыбыс

□- дауыссыз дыбыс

2. ...

3. ...

4. ...

2-сабақ:

## БУЫН

Буын(Syllable) - грамматикалық ең кіші бөлшек.

Бір сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Мысалы: Қа-ла

( бұл сөзде 2 дауысты дыбыс бар [а, а] сондықтан 2 буынға бөлінеді)

Буынның түрлері: → Ашық буын:(А, ВА)- а-на,ә-ке; ба-ла

→ Тұйық буын : (АВ) -- ат, ел

→ Бітеу буын ): (ВАВ)--нан, жаң-быр

**Мысалы(Example):** Студент --1-ашық буын(ВА), 2-бітеу буын(ВAV)

**Тапсырмалар:**

**1.Дұрыс оқыңыз:**

А: А-та, а-па, а-на, а-ғаш, а-ра, ал-ма, ал-ша, а-нар, а-қыл, ас-пан;

Ә: Ә-ке, ә-де-мі, ә-лем, әп-ке, ә-теш, әс-кер, ән, әң-гі-ме;

**2.Сөздерді буынға бөліп жазыңыздар:**

Аға, әпке, қарындас, досым, көрші, ұстаз, профессор, декан, әдіскер, жүргізуші, іскер, ұшқыш, журналист.

**3.Төмендегі мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар:**

*1. Еңбек түбі –береке.*

*2. Ер дәулеті-еңбек.*



*3. Еріншектің ісі – екі.*

*4. Гүл өссе – жердің көркі,*

*Қыз өссе – елдің көркі.*

\*Сөздіктің көмегімен жаңа сөздердің мағынасын анықтап, дәптерлеріңізге жазып алыңыздар

**7.Үндестік заңы**  
 قانون همصدايي  
 Homophone roles



1.

2.

Бала+лар (I+I)

Әке+лер (II +II)

1. ілгерінді ықпал: ала кел= ала гел (I+Y) = (I+IY)

Ботакөз= Ботағөз (I+Y) = (I+IY)

2.кейінгі ықпал: кітап+ы= кітабы (Y+I,II)=(IY+I,II)

қазақ+ым=қазағым (Y+I,II)=(IY+I,II)

3.тоғыспалы ықпал: Досжан= Дошшан

1.Салыстырып оқыңыздар:

**Жуан сөздер:**

*Ана, қала, доп,*

*жаз, айт, оқы,*

*қаңтар, қыс*

**Жіңішке сөздер:**

*Әке, іні, көрші,*

*біл, көр, іш,*

*сәуір, көктем*

**2. Мәнерлеп оқыңыздар, мәтіндегі жуан буынды сөздер мен жіңішке буынды сөздерді ажыратыңыздар:**

**Мұхтар Омарханұлы Әуезов**

М. Әуезов 1934-61 жылдар аралығында университетте ұстаздық қызмет атқарды. Қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалады. Осы жылдары студенттерге арнап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырыпсалма айтыс өнері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді жалпы және арнаулы курстардан дәріс оқыды, бұл курстардың оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын, оқулықтарын жазды. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихында да оның университеттегі қызметінің алатын орны зор. Сөйтіп, ол «Абайтану» атты жаңа ғылымды ұлттық университетте осылайша қалыптастырды.

Қаламгер Қазақ университетінде қызмет ете жүріп, студент жастардың шығармашылық тұрғыдан өсіп-жетілуіне ерекше мән берді. Әсіресе, әдеби бірлестік жұмысын жандандыру, онда талантымен көзге түскен жастарға қамқорлық көрсету, ақыл-кеңес беру арқылы студент жастардың шығармашылық белсенділігін өлшеусіз арттырды.

**3. Достарыңыздың және туыстарыңыздың есімдерін жазыңыздар, қаншасы жуан буынды, қаншасы жіңішке буынды сөз екеніне мән беріңіздер.**

**Мысалы:**

**Тахир**            ----- **Ескендір**  
...                    ----- ...  
...                    ----- ...  
...                    ----- ...  
...                    ----- ...

**3- сабақ: МОРФОЛОГИЯ :**

**ЗАТ ЕСІМ  
(The nouns)**

**Бұл - НЕ?(What?)**



***Бұл – алма,***



***бұл- кітап,***



***бұл- қалам,***



***бұл-киіз үй ,***



***бұл- гүл ,***



***бұл- доп,***



***бұл- сағат,***



***бұл- төсек,***



***бұл-етік***

Бұл - *KIM?*(Who?)



*Бұл-әже* ,



*бұл- ата,*



*бұл- жігіт, қыз*



*бұл- спортышы,*



*бұл- әнші*

«Кім?» – адамға, туыстық атауларға, кәсіп иелеріне қойылатын сұрақ.

«Не?» – жансыз заттарға және жан-жануарларға қойылатын сұрақ.

**Тапсырмалар:**

- 1. Дәрісханадағы заттардың атын жазыңыздар.**
- 2. Туыстық атауларды, кәсіп иелерін атаңыздар, оларға сауал қойыңыздар.**
- 3. Мәнерлеп оқыңыздар:**

Ғылым таппай мақтанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашақ бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,



Еріншек, бекер, мал шашпақ–  
Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой–  
Бес асыл іс, көнсеңіз.

(Абай Құнанбаев)

*Есте ұстаңыздар:*

**Зат есім сөздігі**

қазақша	ағылшынша	парсыша
Ана	Mother	مامان
әке	Father	پدر
Бала	Baby	نوزاد
Қыз	Girl	دختر
Ұл	Boy	پسر
Қарындас	Sister	خواهر
Аға	Big brother	برادر بزرگ
Іні	brother	برادرم
Ақыл	wisdom	عقل
Ой	view	فکر
Сана	Enumeration	شمارش
Білім	knowlage	دانش
Арман	distination	آرملن ، هدف
Мәдениет	culture	فرهنگ ، مدنيت
дос	friend	دوست
тәртіп	order	ترتيب
ұстаз	teacher	استاد
қала	city	شهر
Студент	student	دانشجو

ұлт	nationality	ملیت ، ملت
Дәрігер	doctor	داکتر (پزشک)
Өкіл	attorney	وکیل
Көмек	help	کمک
Тазалық Денсаулық	Clean Health	پاکی صحت مندی
сатушы	seller	فروشنده
күн тәртібі	days of week	ایام هفته
хабарлама	newsletter	خبرنامه
мекен-жай	Place (adres)	جای – مکان
мәселе	problem	مسئله
пікір	think	فکر
Пікірталас	thinker	متفکر
қарым-қатынас	communication	ارتباطات
Оқулық	readable	خواندنی
киіз үй	house	خانه
дәрісхана	class	صنف
әнші	singer	آواز خوان
жатақхана	dormitory	خوابگاه
бөлме	room	اتاق
Журналист	journalist	خبرنگار
Декан	Chair man	رئیس دانشکده

Меңгеруші	Interviewer	مصاحبه گر
Көрші	Neighbor	همسایه
Қалам	pen	قلم
Қағаз	paper	کاغذ
Есік	door	دروازه
Терезе	window	کلکین
Үй	home	خانه
Кітапхана	library	کتابخانه
Дүкен	shop	دوکان
Көше	Street	کوچه
Киім	clothes	لباس

#### 4-сабақ: КӨПТІК ЖАЛҒАУЫ (Plural suffixes)

### 1. Көптік жалғаулары (к.ж.): (лар,-лер; дар,- дер; тар,-тер)

I + лар (бала+лар,ана+лар)

II + лер (әке+лер, іні+лер)

III, IV(з,ж) + дар,-дер (мал+дар, үй+лер, қағаз+дар,гараж+дар)

IV(б,в,г,д),V + тар,-тер ( клуб+тар, геолог+тар,кітап+тар, кілт+тер)

## Тапсырмалар:

### 1. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғап жазыңыздар :

Қалам + ...

Қағаз + ...

Есік + ...

Терезе + ...

Үй + ...

Кітапхана + ...

Дүкен + ...

Көше + ...

Киім + ...

### 2. Суретте не көріп тұрсыздар, көптік жалғауын пайдаланып, атап беріңіз, сұрақ қойыңыздар.



### 3. Зат есімге көптік жалғауын жалғап бірнеше мысал жазыңыз:

#### З.е. + к.ж (лар/лер)

##### Кітап-тар

.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....

### 4. Мәнерлеп оқыңыздар

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Біз Қазақстанда тұрамыз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Еліміздің бас қаласы – Астана. Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық мәдениеті, тарихы бай халық. Қазақ – қонақжай халық. Қазақ халқының Абай Құнанбаұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы сынды ұлтының мақтанышы болған ғұлама ғалымдары, ақындары, батырлары көп халық.

### 5-сабақ: ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ (Жіктік жалғауы)

- I - Мен студент-**пін** / Біз студент-**піз**
- II - Сен студент-**сің** / Сендер студент-**сіңдер**  
Сіз студен-**сіз** / Сіздер студент-**сіздер**
- III - Ол студент-(0) / Олар студенттер-(0)

-мын	I,III	Оқушы+мын, адам+мын
-мін	I,III	әке+мін, кәсіпкер+мін
-бын, -быз,	I+III; I+IV	Ербол+мын, ұстаз+быз
-бін; -біз	II+III; II+IV	Гүлсім+мін, көршіңіз+біз
-пын, -пыз	I+IV(б,в,г,д), I+V	Геолог+пын, дос+пыз
-пін, -піз	II+IV(б,в,г,д), II+V	Ермеков+пін, студент+піз

### Мысалы:

- I. (жекеше) Мен **I,III+мын** (*оқушы+мын, адам+мын*)  
(көпше) Біз **I,III+мыз** (*оқушы+мыз, адам+мыз*)
- II. (жекеше) Сен **I,III+сың** (*оқушы+сың, адам+сың*)  
(көпше) Сендер **I,III+сыңдар** (*оқушы+сыңдар, ана+сыңдар*)
- (жекеше) Сіз **I,III+сыз** (*оқушы+сыз, адам+сыз*)  
(көпше) Сіздер **I,III+сыздар** (*оқушы+сыздар, ана+сыздар*)
- III. (жекеше) Ол (*оқушы----, адам----*)  
(көпше) Олар (*оқушылар, аналар*)

- I. Мен **II+мін** (*әнші+мін, іні+мін*)  
Біз **II+міз** (*әнші+міз, іні+міз*)
- II. Сен **II+сің** (*әнші+сің, іні+сің*)  
Сендер **II+сіңдер** (*әнші+сіңдер, іні+сіңдер*)  
Сіз **II+сіз** (*әнші+сіз, іні+сіз*)  
Сіздер **II+сыздар** (*әнші+сіздер, іні+сіздер*)
- III. Ол ----- (*әнші, іні*)  
Олар ----- (*әнші+лер, іні+лер*)

I. Мен III, IV(з,ж)+бын, бін (*ұстаз+бын*)

Біз III, IV(ж,з)+мыз,міз(*ұстаз+быз*)

II. Сен III+сің (---//--)

Сендер III+сіндер

Сіз III+сіз (---//--)

Сіздер III+сыздар

III. Ол (--//--)

Олар (--//--)

### Тапсырмалар:

#### 1. Мына сөздерге жіктік жалғауын жалғаңыздар:

Студент +...

Дәрігер +...

Журналист +...

Диктор +...

Профессор +...

Декан +...

Меңгеруші +...

#### 2. Диалогтан жіктік жалғаулы сөзді табыңыздар:

– Сәлеметсіз бе ?

– Сәлеметсіз бе ?

– Қал-жағдайыңыз қалай?

– Рахмет, жақсымын, өзіңіз қалайсыз?

– Шүкір, аман-есенмін, қызметтемін. Кітапханадан келемін, ертең семинар болады.

– Мен де кітапханаға бара жатырмын, қазақша сөздік аламын.

– Жақсы, сау болып тұрыңыз.

– Сау болыңыз.

### 3. Жіктік жалғауын қолданып, диалог құрастырыңыздар.

#### 5-сабақ: ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ (Тәуелдік жалғауы)

I - Менің ...-ым/-ім/-м-	/	Біздің қалам-ымыз –
II -Сенің ...-ың /-ің/-ң- Сіздің ...-ыңыз/іңіз(-ңыз,-ңіз)-	/	Сендердің қаламдар-ың – Сіздердің ...-ыңыз/-іңіз(-ңыз,-ңіз)-
III - Оның қалам-ы,-і (сы,-сі)-	/	Олардың қаламдар-ы,-і,(сы,-сі) –

- ым,-ың,-ыңыз,-ы	I+III,I+IV,I+V ( қалам+ым, ұстаз+ың, клуб+ыңыз, ұсыныс+ы, т.б. )
-ім,-ің,-іңіз,-і	II+III,II+IV,II+V ( дәптер+ім, әпке+ң, іні+ңіз,дәріс+і, т.б.)
-сы	I (бала+сы, ана+сы, дала+сы, т.б.)
-сі	II (әке+сі, әпке+сі, іні+сі, т.б.)

#### Түсініктеме:

I жақ- Менің ... ( my مال من )	Біздің ... (our ما مال)
II жақ-Сенің ... ( your مال تو )	Сендердің ..(your. شما مال)
Сіздің ... ( your مال شما )	Сіздердің ... (your شما مال)
III жақ-Оның ... (her/his/its مال )	Олардың ... (their آنها مال)

#### 2.Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауын жалғаңыз:

Жатақхана +...

Бөлме +...

Дос +...

Көрші +...

Аға +...



Қарындас +...

Мекен-жай +...

Құжат +...

**3. Суретке қарап сұрақ қойыңыз, сөздерге тәуелдік жалғауын жалғаңыз.**




Мысалы:

1. Бұлар кімдер?

.....  
.....  
.....  
.....

**6-сабақ:**



**1.Септік жалғауының мына түрлері:  
Барыс, Табыс, Жатыс, Шығыс, Көмектес  
зат есім сөздерді етістікпен тіркестіреді.**

**Мысалы:** зат е.

**Ет.**

Үй-ге(O3)	бар+ды+м,
терезе-ні(O4)	аш+ты+м ,
театр-да (O5)	бол+ды+м,
саяхат-тан (O6)	кел+ді+м
ұстаз+бен (O7)	кездес+ті+м

Септік	I	II	I+III	II+III	I+IV(б,в,г,д),Y	II+IV(б,в,г,д,,Y
1.Атау (O)	---	---	---	---	---	---
2.Ілік(O2)	<i>ның</i>	<i>нің</i>	<i>дың</i>	<i>дің</i>	<i>тың</i>	<i>тің</i>
3.Барыс(O3)	<i>ға</i>	<i>ге</i>	<i>ға</i>	<i>ге</i>	<i>қа</i>	<i>ке</i>
4.Табыс(O4)	<i>ны</i>	<i>ні</i>	<i>ды</i>	<i>ді</i>	<i>ты</i>	<i>ті</i>

5.Жатыс(О5)	<i>да</i>	<i>де</i>	<i>да</i>	<i>де</i>	<i>та</i>	<i>те</i>
6.Шығыс(О6)	<i>нан</i>	<i>нен</i>	<i>дан</i>	<i>ден</i>	<i>тан</i>	<i>тен</i>
7.Көмектес(О7)	<i>мен</i>	<i>мен</i>	<i>бен</i>	<i>бен</i>	<i>пен</i>	<i>пен</i>

<b>Септік</b>	<b>I</b>	<b>II</b>	<b>I+III</b>	<b>II+III</b>	<b>I+IIY(б,в,г,д),Y</b>
1.Атау (O)	Ана-	әке	Ұстаз-	Біз	Қазақ
2.Ілік(O2)	Ана+ <i>ның</i>	әке+ <i>нің</i>	Ұстаз+ <i>дың</i>	Біз+ <i>дің</i>	Қазақ+ <i>тың</i>
3.Барыс(O3)	Ана+ <i>ға</i>	әке+ <i>ге</i>	Ұстаз+ <i>ға</i>	Біз+ <i>ге</i>	Қазақ+ <i>қа</i>
4.Табыс(O4)	Ана+ <i>ны</i>	әке+ <i>ні</i>	Ұстаз+ <i>ды</i>	Біз+ <i>ді</i>	Қазақ+ <i>ты</i>
5.Жатыс(O5)	Ана+ <i>да</i>	әке+ <i>де</i>	Ұстаз+ <i>да</i>	Біз+ <i>де</i>	Қазақ+ <i>та</i>
6.Шығыс(O6)	Ана+ <i>нан</i>	әке+ <i>ден</i>	Ұстаз+ <i>дан</i>	Біз+ <i>ден</i>	Қазақ+ <i>тан</i>
7.Көмектес(O7)	Ана+ <i>мен</i>	әке+ <i>мен</i>	Ұстаз+ <i>бен</i>	Біз+ <i>бен</i>	Қазақ+ <i>пен</i>
<b>II+IIY(б,в,г,д,,Y</b>					
Студент-					
Студент+ <i>тің</i>					
Студент+ <i>ке</i>					
Студент+ <i>ті</i>					
Студент+ <i>те</i>					
Студент+ <i>тен</i>					
Студент+ <i>пен</i>					

### Тапсырмалар:

Септік жалғауларына көңіл бөліңіздер, дұрыс оқыңыздар:

#### 1.(Кімнің? Ненің?)

Ілік септік (O2) – МЕНШІКТІК мәнді білдіреді

##### 1. Диалогты оқыңыз, есте ұстаңыз:

- Менің атым – Асан, ал сенің атың кім?
- Менің атым-Ясмин
- Сенің жасың нешеде?
- Менің жасым 19-да.
- Ал, сенің жасың нешеде?

#### 2. Қайда, кімде, неде?

Жатыс (O5), Шығыс септіктері -МЕКЕНДІК мәнді білдіреді

##### 2. Диалогты оқыңыз, есте ұстаңыз:

- Сен қайда оқисың?
- Мен әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқимын?
- Сен қайда тұрасың?
- Мен жатақханада тұрамын.
- Ал, сен қайда тұрасың?
- Мен пәтерде тұрамын.
- Сен қайдан келдің?
- Мен Астанадан келдім.


**3. Септік жалғауларын қолдана отырып, төмендегі суретті пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіздер :**

1. Бұл кім?
2. Бөлмеде не бар?
3. Ол сабаққа неге кешікті?
6. Ұстаз не деді?
7. Сіз қалай ойлайсыз, оның әрекеті дұрыс па?



Суреттер бойынша әңгіме құра.

**4. Сызбаны толтырыңыз:**




5. Суреттегі заттардың атын жазыңыз, оларға септік жалғауын жалғаңыз.

Үлгі: машина+ға



**6-сабақ:**

**Етістік(Verb)**  
**(Не істеді, қайтті?)**  
(What to do?)



Не істеді?



1. Студент отырды.

Не істеп отыр?



2. Студент кітап оқып отыр.

**1. «отырды» - дара етістік**


**2. «оқып отыр» -күрделі етістік**

**1. Мәтінді мәнерлеп оқып, әрекет сөздерді атап беріңіздер.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 1934 жылы ашылды. Биыл университетімізге 80 жыл толып отыр. 1937 жылы күзде төрт жылдық оқу жүйесіне негізделген тұңғыш гуманитарлық шет тілдері факультеті құрылды. Бір жылдан кейін 120 студенті және құрамында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және француз тілі тәрізді үш кафедрасы бар филология факультеті өз жұмысын бастады. Кейіннен шет тілдері факультеті де осы құрылымға қосылды. Университет 1942 жылы 257 физик, химик, математик, биолог, журналист, филолог, сондай-ақ Батыс Еуропа

тілдерінің мамандарын даярлап шығарды. Ал, 1985 жылы шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті ашылды.

## 7-сабақ: Етістіктің категориясы: (Classes of verbs) دسته های فعل



шақ - әрекеттің мезгілін білдіреді.  
(Tense is show the time of motion)

Әрекет сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған болса, ол **өткен шақ** деп аталады

Дәл сөйлеп тұрған кезде болған әрекет **осы шақ** деп аталады.

Әрекет әлі болмаған, енді ойға алынған болса, **келер шақ** деп талады.

Барлық ЕТІСТІКТЕР осы үш шақ негізінде жасалады.

**Есте ұстаңыздар:**

**Етістік сөздігі -**

<b>қазақша</b>	<b>ағылшынша</b>	<b>парсыша</b>
кір	Enter	داخل شدن
біл	Know	دانستن
көр	See	دیدن
отыр	Sit down	نشستن
жаз	Write	نوشتن
оқы	Read	خواندن
биле	Dance	رقصیدن
аш	Open	باز کردن
тазала	Clean	پاک کردن
ұйықта	Sleep	خوابیدن
жүрді	walked	رفت(راه رفت
жапты	closed	بسته کرد
кел	come	آمد
іш	drink	جزیره پرنس ادوارد
жеу	eat	به خوردن
жина	Up things	جمع آوری
тыңда	listen	برای گوش دادن
Сөйле	speak	بحث



ал	take	دفن
бер	give	دای
ойна	game	بازی
күлді	laugh	خندید
Жылады	cried	گریه
сағынды	miss	او از دست رفته
естіді	hearken	به گوش
хабарласты	Call up	به نام
дайындалды	prepared	آماده
саяхаттады	travel	سفر
Жақсы көрді	love	دوست داشتم


### Тапсырмалар:

#### 1. Мына етістіктердің алдына зат есім қойыңыздар:

- ... келді
- ... барды
- ... оқыды
- ... білді
- ...жүрді
- ...ашты
- ...жапты
- ... кірді

### 2. ЖАҚ Person شخص

#### 8-сабақ:



**Жақ-** әрекеттің иесі, әрекет жасаған адам. Барлық әрекет үш жақта (I,II,III) жасалады: (**ЖАҚ+ЕТ.**)

Мысалы: **Мен** кел+ді+м. **Сен** айт+ты+ң. **Сіз** біл+ді+ңіз. **Ол** көр+ді.

### **Тапсырмалар:**

#### **1. Төмендегі етістіктерді өткен шақ формасында жіктеңіздер:**

1:

I ... кір +...+...

II ... кір +...+...

...кір +...+...

III ...кір +...+...

I ... бер +...+ ...

II ... бер +...+ ...

...бер +...+ ...

III ...бер +...+...

I ... жаз +...+ ...

II ... жаз +...+ ...

...жаз+...+ ...

III ...жаз +...+...

#### **1. Төмендегі етістіктерді осы шақ формасында жіктеңіздер:**

I ... бар +... жатыр+...

II ... бар +... жатыр+...

...бар + ... жатыр+...

III ...бар +... жатыр+...

I ... іш +... отыр+...

II ... іш +... отыр+...

...іш + ... отыр+...

III ...іш +... отыр+...

- I ...сөйле +... жатыр+...
- II ... сөйле +... жатыр+...  
...сөйле + ... жатыр+...
- III ...сөйле +... жатыр+...

**2. Төмендегі етістіктерді келер шақ формасында жіктеңіздер:**

I ... біл +...+ ...

II ... біл +...+ ...  
...біл +...+ ...

III ...біл +...+...

I ... ұйықта +...+ ...

II ... ұйықта +...+ ...  
...ұйықта +...+ ...

III ...ұйықта +...+...

I ... ойла +...+ ...

II ... ойла +...+ ...  
...ойла +...+ ...

III ...ойла+...+...

**2. (з.е.+ет.) шақ формуласына бірнеше мысалдар жазыңыздар:**

Үлгі نمونه: алма(з.е.) же(ет.)+ді(ө.ш.)+м(жІж)

1. ... ..
2. ... ..
3. ... ..
4. ... ..
5. ... ..
6. ... ..
7. ... ..
8. ... ..

3. Төмендегі суретке қарап шак, жақ категорияларын пайдаланып сөз тіркестерін құрыңыз.



*Үлгі: Ол келді.*

*Біз кездестік.*

.....

.....


.....

**4. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:**

Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Халқымыздың бітім,

болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық

### 9-сабақ: Етістіктің райлары



### Тапсырмалар:

1 Берілген етістіктерді рай формасына қойып жазыңыздар:

- Кір
- Біл
- Көр
- Отыр
- Жаз
- Тазала
- Ұйықта

2. Кестедегі етістіктің қай райда тұрғанын анықтаңыздар:

Мысал	Ашық рай	Шартты рай	Қалау рай	Бұйрық рай
Кездескісі				

келді				
түріндірді				
Білсе				
Тыңда				
Көрсін				
алса				
жазды				

### 3. Мына үлгі бойынша сөйлем құрыңыз:

**КІМ ? (з.е), (з.е./к.ж/ж.ж./) З.е.+септік ж. НЕ ІСТЕДІ (ет.) ?**

- |                   |              |             |
|-------------------|--------------|-------------|
| 1. Студент +(тер) | кітапхана+ға | бар+ды .    |
| 2. Аға+м          | ұстаз+бен    | хабарлас+ты |
| 3. ...            | ...          | ...         |
| 4. ...            | ...          | ...         |
| 5. ...            | ...          | ...         |
| 6. ...            | ...          | ...         |

### 4. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:

#### Меймандостық

Қазақтар үйіне келген әр қандай мейманды (оның қайсы ұлт болуына карамай) таныса да, танымаса да жылы шыраймен қарсы алып, сыйлап күтеді. Қонақ келсе, «қой сойып, қол қусыру» - қазақтар үшін аса абыройлы іс. Өте қадірлі қонақтарға тай сойылып, қонақасы беріп аттандырады. Сойылатын малды асаба алдымен қонақтар отырған үйдің босағасына әкеліп бата тілейді. Қонақтар бата жасаған соң мал сойылып, ет асылады. Ет піскенше меймандарға кең дастарқан жайылып, дастарқанға құрт, ірімшік, бауырсақ, жент, сары май қойылып, қаймақтаған шай құйылады, шайдан соң жаздыгүні болса қымыз, қыстыгүні болса езген құрт беріледі. Осы мезгілде әдетте үй иесі жағынан домбыра шертіліп, күй тартылып, ән айтылады. Ет піскен соң қолға су құйылып, ет тартылады. Қонақтар алдына қойылған қойдың басы, жамбасы, сүбесі тағы басқа жіліктерден жасалған табақ тартылады.

**10 сабақ: СЫН ЕСІМ**  
**Adjective**

**Сауалы: Қандай?**

Q: What kind?


**Сын есім мынаны қарастырады:**

**Заттың сапасы: жақсы, әдемі, білімді, батыр, ақылды, әдепті, мәдениетті, қатты, таза;**

**Заттың көлемі: үлкен, кіші, кең, тар, аласа, биік, жіңішке, жуан;**

**Заттың түрі-түсі: қызыл, сары, ақ, көк, қара;**

**Заттың дәмі: ащы, тәтті, дәмді;**



**Кіші(small) كلان (macro) ۋلكن (micro) خورد ارتفاع**



**биік(high) بلند (short) аласа (short) كم**




жуан(fat) چاق - жіңішке (thin) لاغر



Tәтті(sweet) شیرین اۋۋى(bitter) تلخ



қатты(hard) سخت  
شیرین(جوار دار)



жұмсақ (Besides having fresh)

1. Табиғат көрінісін баяндап беріңіз, не көріп тұрсыз, сипаттаңыз.





**2. Жауап жазыңыз:**

**КІМ-----қандай?**

Ана	мейірімді.
Ұстаз	...
Досым	...
Інім	...
Қарындас	...
Көрші	...
Аға	...

**3. Төмендегі сын есімдерді зат есімдермен тіркестіріңіз:**

**Сын е. ---- зат е.**

Әдемі	...
Білімді	...
Өнерлі	...
Жақсы	...
Жаман	...
Таза	...
Кең	...
Тар	...
Мейірімді	...
Батыр	...
Қорқақ	...

#### 4. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:

Мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі қазақ өмірінде жаздың үш ай жайлауы «өмірдің жаннаты» есептеледі. Гүл – бәйшешекке бөленіп, масатыдай құлпырған жасыл жайлау үсті мал тойынып, ақ молайып, бие байланып, елдің жұмыстан қолы босап сергіген кезі болады. Қыс қысымын көріп келген қазақтар жаз жайлауда жадырап жазылып, барлық той-томалақ, ойын-сауық, сән-салтанатын осы жайлауда өткізген. Қазақтар үшін «той» тек той жасаушы жеке отбасының қуанышы ғана емес, тіпті бір тайпа елдің ортақ мерекесі болып есептеледі. Соның үшін, бір отбасы той жасаса, оның ағайын-туған жұрағаттары, тіпті бүкіл бір тайпа ел түгел аттанысқа келіп, үйлерін апарып тігіп, биелерін байлап, астарын әзірлесіп, қонақ күтіп той жұмысын атқарады. Қазақ өміріндегі үлкенді - кішілі той түрлері де сан алуан. Қазақ өмірінің әрбір белесі тойсыз, өлеңсіз өтпейді. Қазақ тойлары «тойбастар» жырымен және шашумен басталады.

#### *Есте ұстаңыз:*

Сын есім сөздіктері

қазақша	ағылшынша	парсыша
Әдемі	Beautiful	زیبا
Білімді	Scientist	دانشمند
Өнерлі	Artist	هنرمند
Жақсы	Good	خوب
Жаман	Bad	بد
Таза	Clean	پاک
Кең	Wide	فراخ
Тар	Tight	تنگ
Мейірімді	Kind	مهربان
Батыр	Champion	کلان/قهرمان

Қорқақ	Fear	ترس
Ыңғайлы	Easy	آسان
Ыңғайсыз	Hard	مشکل
Қолайлы	Appropriate	مناسب
Тура	Direct	مستقیم
Жайлы	About	درباره
Талапты	Demand Receiver	طالب
Талапсыз	not talented	صائب نكندده
Қабілетті	Alert	لايق
Надан	Ignorant	نادان
Лас	Dirty	ناپاک

**11-сабақ: САН ЕСІМ  
(The numeral)**

**Сауал: Қанша, неше?  
(How?)**

**Сандар:**

- 1-бір**
- 2-екі**
- 3-үш**
- 4-төрт**
- 5-бес**
- 6-алты**
- 7-жеті**

**8-сегіз**

**9-тоғыз**

**10-он**

**20-жиырма**

**30-отыз**

**40-қырық**

**50-елу**

**60-алпыс**

**70-жетпіс**

**80-сексен**

**90-тоқсан**

**100-жүз**

**1000-мың**

**1000000-миллион**

**Тапсырмалар:**

**1.Мақалды оқып, жаттап алыңыздар:**

*1.Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.*


*2.Жігітке жеті өнер аз.*

*3.Қызға қырық үйден тыйым.*

*4.Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.*

**12 сабақ: Сан есімнің түрлері**

## САН ЕСІМ





## Тапсырмалар:

### 1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Жасыңыз нешеде?
- Таңертең нешеде тұрасыз?
- Сіздің қанша досыңыз бар?
- Қанша тілді білесіз?
- Нешінші пәтерде тұрасыз?
- Университетке нешінші автобуспен келесіз?
- Бір күнде қанша рет тамақтанасыз?
- Көршіңіздің жасы нешеде?

### 2. Сан есімнің сұрақтарын пайдаланып диалог құрыңыз.

### 3. Бір күнгі әрекетіңізді уақыт мөлшерімен жазып шығыңыз.

### 4. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:

Қазақтың көне ойындарының бірі – жамбы ату. Шауып келе жатқан аттың үстіндегі ойынға қатысушы садағымен нысанаға тігілген жамбыны атып түсірген. Жамбы ретінде күміс немесе алтыннан жасалған тайтұяқтар

немесе теңгелер тігіліп отырған. Жамбыны атып түсірген жігіт сол жамбыны сый ретінде өзіне қалдырып отырған. Бұл ойынға жігіттің жігіті қатысқан екен. Кей ертегілерде хандар жамбыны атып түсірген жігітке қызын берген делінеді.

Кейінгі жылдары бұл ойын сәл өзгеріп шауып келе жатқан аттың үстіндегі жігіт белгілі сызықтың тұсына келгенде қолындағы найзаны ілулі шығыршықтан өткізуге тырысатын болды. Жезқазған қаласындағы Жамбылдың 150 жылдық тойында осы нұсқа ойнатылған еді.

### 13-сабақ: ҮСТЕУ (Adverb) قيد

Қазақ тілінде үстеудің мағыналық түрлері - 7.

Өзге тілді аудиториялардағы тіл үйренушілерге үстеудің негізгі үш түрін білген дұрыс: **мезгіл, мекен, қимыл-сын.**

#### 1. МЕЗГІЛ ҮСТЕУ- әрекеттің мезгілін білдіреді

**Мезгіл мәнді сөздердің сұрағы –ҚАШАН?**

Word of tense mode (Q - When?):

**Тапсырмалар:**

1. Мына үлгі бойынша мысалдар жазыңыздар:

ҚАШАН	КІМ	НЕ ІСТЕДІ?
↓	↓	↓
1. Бүгін	досым	келді
2. ...	...	...
3. ...	...	...
4. ...	...	...
5. ...	...	...
6. ...	...	...
7. ...	...	...
8. ...	...	...

#### 2. Бір күнгі іс-әрекетіңізді жазыңыз:

Таңертең нешеде тұрдыңыз?

Не істедіңіз?

Түсте не істедіңіз?

Түстен кейін қайда бардыңыз?

Кешкі асты нешеде іштіңіз?  
 Кешке не істедіңіз?  
 Ұйқыға нешеде жаттыңыз ?

**Есте ұстаңыз:**

Мезгіл мәнді үстеу сөздігі:

қазақша	ағылшынша	парсыша
Бүгін	Today	امروز
Ертең	Tomorrow	فردا
Қазір	Now	حالا
Биыл	This year	امسال
Таңертең ерте	Morning early	صبح وقت
Түсте	Soon	چاشت
Түстен кейін	Afternoon	بعد از ظهر
Кешке	Evening	عصر
Кешке таман	Evening	شام
Түнде	Night	شب
Түн ортасында	Mid night	نصف شب
Осы аптада	This week	این هفته
Осы айда	This month	این ماه
Осы жылы өткен күні	This year Last day	امسال روز گذشته
өткен жылы	Last year	سال گذشته
келер күні	Next day	روز بعدی (آمدنی)
келесі айда	Next month	ماه آینده

келесі аптада	Next week	هفته آينده
Келесі жылы	Next year	سال آينده
Қыстыгүні	A winter day	روز زمستانى
Жаздыгүні	A summer day	روز تابستانى
Күздігүні	A fall day	روز خزانى

### 3. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:

#### Домбыра

Домбыра - қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып, немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі. Домбыраның екі ішектісінен басқада үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, қуыс мойын, шіңкілдек деп аталатын түрлері бар. Даусы майда, қоңыр, құлаққа жағымды.

#### 14-сабақ: 2. МЕКЕН ҮСТЕУ

Мекен үстеу -әрекеттің орнын (мекенін) көрсетеді. Сұрағы -ҚАЙДА?  
( Place adverb(question - where?) (قيد مكانى (سوال كجا؟))

#### Тапсырмалар:

1.	КІМ	ҚАЙДА!	НЕ ІСТЕДІ?
	↓	↓	↓
	1.Ағам	артта	келеді.
	2. ...	...	...
	3. ...	...	...
	4. ...	...	...
	5. ...	...	...
	6. ...	...	...

2. Өзіңіз білетін зат есімдерді пайдаланып үстеуден сөз тіркестерін құрыңыз.



- 1) .....
- 2) .....
- 3) .....
- 4) .....
- 5) .....

**Есте ұстаңыз:**

Мекен мәнді үстеу сөздігі:

қазақша	ағылшынша	парсыша
Алда	Ahead	پیش روی
Артта	Behind	پشت سر
Төменде	Under	پائین
Биікте	Up/ on	بالایی
Астында (астыңғы қабатта)	First floor	منزل اول
Үстінде	Under/low	زیر
Кейінде	Next	بعدی

### Қазақтың ұлттық тағамдары

Ет – қазақ халқының басты тағамы. қой немесе сиыр, жылқы еті болсын су құйылған қазанға салынып пісіріледі. Піскен еттің майлы сорпасына, алдын ала жұқа жайылып қойылған қамыр салынады. Дайын болған қамыр табаққа түсіріліп, кесектеп туралған ет салынып, үстіне тұздық құйылады. Малдың басы, жамбасы сыйлы қонақтарға, ортан жілік жасы үлкен кісіге, құдаға, асық жілік құдағиға, төс күйеуге, келінге, бүйрек, құлақ балаларға тартылады.

Қазы - майының қалыңдығына байланысты кере қазы, дөңбек қазы, шынтақ қазы, бұлт қазы деп бөлінеді. Ішекке сыймағанын телшік деп атайды. қазыны көбіне қысқа сақтайды. қазы сүрленген сайын демді болады.

### 15-сабақ: 3. ҚИМЫЛ-СЫН ҮСТЕУ

Қимыл-сын үстеу- әрекеттің қалай орындалғанын білдіреді.

Сұрағы- ҚАЛАЙ?

(Adverb of motion & adjectives (Question - how?))

قيد حرکت – صفت (سوال – چی گونه؟)

қазақша	ағылшынша	парсыша
Тез	Fast	تیز
Ақырын	Slow	اهسته
Жылдам	Fast	تیز
Босқа	For nothing	خالی

Ескерту:

А) ЕТ. + ып,-іп,-п/а,-е,-й/ -- формасында да үстеу жасалады.

Мысалы: Айқайла+n сөйледі,сыбырла+n айтты.

Б) СЫН есім ЕТІСТІКпен тіркесіп келгенде қимыл-сын үстеуінің қызметін атқарады.

Мысалы: қатты қорықты, әдемі сөйледі, жақсы киінді, суық қарады т.б.

Тапсырмалар:

1. КІМ(who) کی      ҚАЛАЙ(how) چی گونه      НЕ

ІСТЕДІ?(what do?) چی کرده ؟

↓	↓	↓
1. Мен	тез	келдім
2. ...	...	...
3. ...	...	...
4. ...	...	...
5. ...	...	...

**2. Өзіңіз білетін сын есімдерді пайдаланып үстеуден сөз тіркестерін құрыңыз.**

**Үлгі:** *досым жақсы оқиды*

.....  
.....  
.....  
.....  
.....

**3. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар:**

**Бесікке салу**

Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесік тойын жасайды. Ағаштан жасалған бесікті баланың нағашылары немесе жасы үлкен қадірлі аналардың бірі әкеліп, сыйға береді. Ең алдымен бесікке салушы әйел бесіктің өзін түрлі иістерден арылту үшін отпен аластап шығады. Содан кейін көрпешелер мен жастықшаларды баптап салады. Баланы жатқызып, бөлейді. Қолбау, белбеу және аяқбаумен тартып байлап қояды. Әйел тілектерін айта отырып бесіктің үстіне алдымен көрпе жабады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады, қырандай көреген болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды.

**16-сабақ:**

**Шылау (participle)**



**Жеке тұрғанда шылау сөздердің лексикалық мағынасы болмайды.**

**Тапсырмалар:**

**1. Жалғаулық шылауларды қойыңыз:**

Досым ... көршім, қалам ... қағаз, жатақхана ... дәрісхана, Астана ... Алматы, үлкен ... кіші, ақ ... қара.

**2. Сұраулық шылауларды пайдаланып, шағын диалог құрастырыңыз.**

**3. Берілген сөздерден кейін мағынасына қарай септеулік шылауларды қойыңыз:**

Ана ... ән жаздым. Қазақстанға оқу ... келдім. Асқар үйге ... кетті. Айжан университеттен шыққан ... дүкенге барды. Ұстазбен ... саябаққа серуенге шықтық. Студенттер жатақханаға ... әзілдесіп қайтты.

**4. Мәнерлеп оқыңыздар:**

**Базарлық**

Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Сыйлыққа сақина, алқа, сырға, кітап, қалам, орамал сияқты заттар алса да болады. Кейде дәмді тағам, тәтті кәмпиттер де алуға болады. Әдемі киім де ұсынуға болады. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

## **БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРІП КӨРІҢІЗ:**

### **Тест**

**1. Адамға(кісіге) қойылатын сұрақта көрсетіңіз:**

- A. қандай?
- B. кім?
- C. не?
- D. қашан?

**2. Сан есімді көрсетіңіз:**

- A. бала
- B. бүгін
- C. жақсы
- D. жиырма

**3. Әрекет сөзді көрсетіңіз:**

- A. ұстаз
- B. университет
- C. әдемі
- D. отыр

**4. Сын есімді тіркесті көрсетіңіз:**

- A. досым келді
- B. он кітап
- C. білімді ұстаз
- D. кеше келді

**5. Мезгіл мәнді сөзді көрсетіңіз:**

- A. Таңертең оқимын
- B. сегіз студент
- C. адал адам
- D. кітап алдым

**6. Өткен шақ формасындағы сөзді көрсетіңіз:**

- A. Мен дүкенге бар+a+мын
- B. Мен базарға бар+ды+m
- C. Мен кітапханаға бара жатырмын
- D. Мен дәмханадамын.

**7. Қалау рай формасындағы сөзді көрсетіңіз:**

- A. Мен оқы+ғы+m келеді.
- B. Сен бар+са+ң дұрыс болады.
- C. Сіз кел+іңіз
- D. Ол түсінді.

**8. Сын есімнің дұрыс тіркесін көрсетіңіз:**

- A. Ана тар
- B. мектеп батыр
- C. досым ескі
- D. ұстаз мейірімді

**9. «Не?» сұрағына жауап беретін сөзді көрсетіңіз:**

- A. бүгін
- B. жеті
- C. үлкен
- D. қалам

**10. Барыс септігіндегі сөзді көрсетіңіз:**

- A. кітап+ті оқыдым
- B. асхана+дан келдім
- C. әке+мен хабарластым
- D. кино+ға бардым

**11. Тәуелдік жалғауында тұрған сөзді көрсетіңіз:**

- A. Студент+тер
- B. Ұстаз+ым
- C. Дәрігер+сіз
- D. Дос+ты

**12. Осы шақта қолданылған етістікті көрсетіңіз:**

- A. Ағам келеді.
- B. Қарындасым оқып жатыр.
- C. Әжем ауырып қалды.
- D. Інім сабақтан келді.

**13. Мезгіл мәнді сөздің сұрағын көрсетіңіз:**

- A. Қандай?
- B. Қалай?
- C. Қашан?
- D. Қанша?

**14. Жіктік жалғауында тұрған сөзді көрсетіңіз:**

- A. Менің бөлмем
- B. Ұстаз мәдениетті
- C. Мен студентпін
- D. Көршім ұшқыш

**15. Мекен мәнде қолданған сөзді көрсетіңіз:**

- A. Досыммен кездестім
- B. Төменге түстім
- C. Дәрігерге қаралдым
- D. Сабақ оқыдым

**Жауаптары:**

- 1. B.
- 2. D.
- 3. D.
- 4. C.
- 5. A.
- 6. B.
- 7. A.
- 8. D.
- 9. D.
- 10. D.
- 11. B.
- 12. B.
- 13. C.
- 14. C.
- 15. B.

## Мазмұны:

Алғы сөз.....	2
Мемлекеттік рәміздер.....	4
Фонетика.....	7
Дауысты, дауыссыз дыбыстар.....	8
Буын.....	10
Үндестік заңы.....	12
Морфология.....	15
Зат есім.....	15
Көптік жалғауы.....	19
Жіктік жалғауы.....	21
Тәуелдік жалғауы.....	24
Септік жалғауы.....	26
Етістік.....	30
Етістіктің шақтары.....	31
Жақ.....	33
Етістіктің райлары.....	37
Сын есім.....	39
Сан есім.....	43
Үстеу.....	46
Шылау.....	51.
Тест.....	53